**Қазақстан Республикасының аумағында тауарлардың (жұмыс пен көрсетілетін қызметтің) экспорты мен импортының тәртібі туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 20 шілде N 1002. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.03.12. N 298 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы, Беларусь Республикасы және Ресей Федерациясы арасындағы 1995 жылғы 20 қаңтардағы Кеден одағы туралы Келісімнің ережелерін іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының өз өнімінің экспортын квоталар мен лицензиясыз және контрактілерді Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі мен республиканың тауар биржаларында тіркемей Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитетінің органдарына міндетті түрде есеп бере отырып, жүзеге асыратын шетел инвесторларының толық басқаруына берілген кәсіпорындарынан басқа барлық шаруашылық жүргізуші субъектілері үшін міндетті болып саналатын тауарлардың (жұмыс пен көрсетілетін қызметтің) экспорты мен импортының тәртібі осы қаулының 1- 7 қосымшаларына сәйкес бекітілсін.

Ескерту: 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРМК-нің 1995.09.13. N 1256 қаулысымен.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚРМК-нің 1995.12.30. N 1896 қаулысымен.

2. Мыналар бекітілсін:

Қазақстан Республикасында тауарлардың (жұмыс пен көрсетілетін қызметтің) экспорты мен импортының тәртібі туралы ереже (1-қосымша);

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің рұқсатымен экспортқа шығарылатын тауарлардың тізбесі (2-қосымша);

Экспортқа шығару контрактілері тіркелетін стратегиялық маңызды тауарлардың тізбесі (3-қосымша);

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің рұқсатымен сырттан әкелінетін тауарлардың (жұмыс пен көрсетілетін қызметтің) тізбесі (4-қосымша);

Халықаралық міндеттемелерге сәйкес экспортқа шығарылатын тауарлардың

тізбесі (5-қосымша).

Лицензиялар бойынша экспортталатын тауарлардың тізбесі (6 қосымша);

Лицензиялар бойынша импортталатын тауарлардың тізбесі (7 қосымша);

Ескерту: 2-тармақ жаңа абзацтармен толықтырылды - ҚРМК-нің 1995.30.12. N 1896 қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірге экономикалық жағдайды ескере отырып, 2-4 қосымшаларда көзделген тауарлардың тізбелерін анықтау жөнінде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне ұсыныс енгізе алады.

4. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі Экономика министрлігімен және Министрлер Кабинеті жанындағы Кеден комитетімен бірге бір апта мерзімде 3-қосымшадағы номенклатура бойынша Контрактілерді тіркеу тәртібін әзірлеп, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің бекітуіне ұсынсын. Контрактілерді тіркеудің бұл тәртібі шүбәсіз, айрықша есеп беру, өтініш-хабарлама сипатында болуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі мен оның жергілікті жерлердегі органдары 3-қосымшада көрсетілген тауарларды экспортқа шығару контрактілерін тіркейді.

Контрактіні тіркегені үшін экспортқа шығарушыдан тауарларды экспортқа шығаруға лицензия бергені үшін төленетін ақы мөлшерінде төлем алынады.

5. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі мен оның жергілікті жерлердегі органдары осы қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында Тауарлардың (жұмыс пен көрсетілетін қызметтің) экспорты мен импортының тәртібі туралы ережеге сәйкес белгіленген номенклатура бойынша (2,4 қосымша) тауарлардың экспорты мен импортына лицензия береді және ай сайын берілген лицензиялар жөнінде Қазақстан Республикасының Мемстаткомына мәлімет тапсырып отырады.

6. Барлық тауарлардың экспорты мен импорты Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Кеден комитетінің органдарына мәлімделуге тиіс.

7. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Кеден комитетінің органдарымен бірге Қазақстан Республикасының аумағынан тиісті құжаттарсыз тауар әкетуге жол бермеу үшін көлік құралдарын кешенді тексеруді жүзеге асырсын.

Республиканың мемлекеттік қаржы бақылау органдары шаруашылық жүргізуші субъектілерді тексерген кезде Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тауарлар шығарудың белгіленген тәртібінің сақталуын және валютаның толық түсімін тексеруді қамтамасыз ететін болсын.

8. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Кеден комитетінің органдары Қазақстан Республикасының аумағынан осы қаулыда көзделген тәртіпті бұзып тауар әкетуді және әкелуді кеден ережелерін бұзғандық деп қарап, бұл тауарларды қолданылып

жүрген заңдарда белгіленген тәртіппен тәргілейтін болсын.

9. "Қазақстан Республикасының аумағында тауарлардың (жұмыс пен көрсетілетін қызметтің) экспорты мен импортының тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 19 қаңтардағы N 66 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 20 шілдедегі
N 1002 қаулысына
1-қосымша

Қазақстан Республикасында тауарлардың (жұмыс
пен көрсетілетін қызметтің) экспорты мен
импортының тәртібі туралы
Ереже

1. Ереже республика аумағында тауарлардың (жұмыс пен көрсетілетін қызметтің) экспорты мен импортының тәртібі мен шарттарын айқындайды, ол Қазақстан Республикасының барлық шаруашылық жүргізуші субъектілері үшін міндетті.

Осы Ереженің күші Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 20 шілдедегі N 1002 қаулысына 2-7 қосымшаларда көрсетілген тауарларға ғана қолданылады. 2-7 қосымшаларда көрсетілген номенклатураға кірмеген тауарлар лицензияларсыз сатылады, оларды экспортқа шығару контрактілері тіркелмейді.

Ескерту: 1-тармақтың 2-абзацына өзгеріс енгізілді - ҚРМК-нің 1995.30.12. N 1896 қаулысымен.

2. 2,4,5,6,7 қосымшаларға сәйкес тауарлардың (жұмыс пен көрсетілетін

қызметтің) экспорты мен импортына лицензиялар беруді және 3-қосымшаға сәйкес контрактілерді тіркеуді Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі мен оның жергілікті жерлердегі органдары жүзеге асырады.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРМК-нің 1995.30.12. N 1896 қаулысымен.

3. Лицензияны ресімдеу СЭҚ ТН кодына сәйкес жүргізеді.

Лицензиялар экспорттық немесе импорттық операцияларды жүзеге асыру үшін қажет, бірақ күнтізбелік жылдан аспайтын мерзімге беріледі. Өтініш иесінің дәлелді өтініші бойынша лицензияның мерзімін Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі мен оның жергілікті жерлердегі органдары ағымдағы жыл шегінде ұзарта алады.

Лицензияланатын өнімді кедендік ресімдеу мен республикадан тыс жерлерге шығару үшін Өнеркәсіп және сауда министрлігі мен оның жергілікті жерлердегі органдары берген лицензия негіз болып табылады.

4. Бір шаруашылық жүргізуші субъектіге берілген лицензияны екінші бір шаруашылық жүргізуші субъектіге беруге болмайды.

Лицензияны қайта ресімдеу лицензияны берген орган арқылы ғана жүзеге асырылады.

5. Лицензия беру немесе одан бас тарту туралы шешімді Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі өтініш түскен күннен бастап 10 күннен кешіктірмей қабылдайды.

Бас тарту туралы шешім дәлелді болуға тиіс және өтініш иесінің қалауы бойынша оған жазбаша түрде хабарланады.

6. Лицензия екі данада ресімделеді. Бір данасы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Кеден комитетінің органдарына көрсету үшін шаруашылық жүргізуші субъектіге беріледі, екіншісі Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігінде қалады.

7. 3-қосымшада көрсетілген өнімді экспортқа шығаруға берілген контрактілер Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекіткен Контрактілерді тіркеу тәртібіне сәйкес тіркеледі. Контрактілерді тіркеудің бұл тәртібі шүбәсіз, айрықша есеп беру, өтініш-хабарлама сипатында болуға тиіс.

8. Лицензияларды ресімдеу және контрактілерді тіркеу үшін кететін шығынды төлеу Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгілеген тәртіппен тариф бойынша жүргізіледі.

9. Мемлекеттік басқарудың уәкілді органдары шаруашылық жүргізуші субъектілер экспорттық және импорттық операциялар ережелерін бұзған жағдайда берілген лицензияларды тоқтата алады немесе жоя алады.

10. Осы Ережені бұзып 2-7 қосымшаларда көрсетілген тауарлардың экспорты мен импортына жол берген шаруашылық жүргізуші субъектілер, сондай-ақ

лауазымды адамдар заңда белгіленген тәртіппен жауап береді.

11. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Кеден комитетінің, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің органдары 2-7 қосымшаларда көрсетілген тауарлардың әкетілуіне және әкелуіне белгіленген тәртіппен бақылау жасап отырады.

Қазақстан Республикасының теміржол, труба құбыры, автомобиль, өзен және авиация көлігі кәсіпорындары мен ұйымдары меншік нысандарына қарамастан 2-5 қосымшаларда көрсетілген тауарларды республикадан тыс жерлерге тасымал құжаттарымен бірге тауар жөнелтуші көрсететін лицензиялары немесе контрактінің тіркелгені туралы белгісі болса ғана тасымалдауға қабылдап алады.

Ескерту: 10,11-тармақтарға өзгерістер енгізілді - ҚРМК-нің 1995.30.12. N 1896 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 20 шілдедегі
N 1002 қаулысына
2-қосымша

Ескерту. 2-ші қосымша жаңа редакцияда - ҚРМК-нің 1995.12.30. N 1896 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің
рұқсатымен экспортқа шығарылатын тауарлардың
Тізбесі

| Тауарлардың қысқаша атауы | СЭҚ ТН коды |
|---|---|
| 1 | 2 |
| Жабайы хайуанаттар, жабайы өсімдіктер | 010119900, 010290900, 010391900, 010392900, 010410900, 010420900, |

010600910, 010600990,
(жабайы хайуанаттар ғана),
070951, 070952000,
071080600

| | |
|---|---|
| Қару-жарақ және әскери техника, оларды шығаруға арналған арнайы жинақтаушы бұйымдар, әскери-техникалық ынтымақтастық саласында көрсетілетін жұмыстар мен қызметтер | 871000000,8802 /880211100,880212100, 880220100,880220100, 880230100,880240100 басқа/,8803 (880310100) |

880320100, 880330100,
880390910 басқа),
880400000 (тек қана
әскери мақсаттағы)
8805 (880520100),
890600100, 930100000,
930200, 9305 (ұрыс қаруына
ғана), 9306 (930610000,
930629100, 930629200,
930629400,930630910,
930630930)басқа,901310000
(тек қана әскери мақсаттағы),
901320000 (тек қана әскери
мақсаттағы), 901380000(тек
қана әскери мақсаттағы),9014
(тек қана әскери мақсаттағы),
8525 (тек қана әскери
мақсаттағы),

| | |
|---|---|
| Ядролық материалдар, технологиялар, жабдықтар мен құрылғылар, арнаулы ядролық емес материалдар, радиоактивті қалдықтарды қоса алғанда радиоактивті сәулелендіру көздері | 2612,2844,2845, 380110000 (тек қана ядролық-таза графит), 8401 |

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 20 шілдедегі
N 1002 қаулысына
3-қосымша

Ескерту. 3-ші қосымша жаңа редакцияда - ҚРМК-нің 1995.12.30.
N 1896 қаулысымен.

Экспортқа шығару контрактілері тіркелетін
тауарлардың тізбесі

| Тауардың атауы | СЭҚ ТН коды |
|---|---|
| 1 | 2 |
| Тірі, жаңа ауланған, салқындатылған, мұздатылған балық; | 030212000, 030270000 (тек қана уылдырық), |
| нәлім,бекіре және албырт тұқымдастардың өңделген өнімдері; шаянтәрізділер; | 030321000, 030322000, 030329000 (тек қана уылдырық), |
| уылдырық | 030410110, 030410130, 030520000, (тек қана уылдырық), 030530300, 160411000, 160419100, 160420100, 160420300, 160430, 1605, 030310000 |
| Түсті және қара металдар өндірісіне арналған шикізат | 2603, 2604, 2606-2610 |
| Табиғи газ | 271111000, 271121000 271112110, 271113900 |

| | |
|---|---|
| Электр энергиясы | 271600000 |
| Казеин | 3501 (350190100 басқасы) |
| Зығыр талшығы | 5301 |
| Кобальт штейні және кобальт металлургиясының басқа да жартылай өнімдері; кобальт және одан жасалатын бұйымдар, қалдықтар мен кобальт сынықтарын қоса | 8105 |
| Түсті металдардың қалдықтары мен сынықтары | 7204, 7802,7902,7503,7602, 8002,8109109, 8113001, 720210900, 860719910 |
| Сирек, жерде сирек кездесетін металдар, өндіріске арналған шикізат, қорытпалар, мен бұйымдар | 2611, 2613-2615, 2804, 282530, 282619000, 284170, 2846, 8103, 8106,8108,8109, 8113, 280540100 |

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 20 шілдедегі
N 1002 қаулысына
4-қосымша

Ескерту. 4-ші қосымша жаңа редакцияда - ҚРМК-нің 1995.12.30. N 1896 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің
рұқсатымен сырттан әкелінетін тауарлардың

(жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің)
Тізбесі

| Тауарлардың атауы | СЭҚ ТН коды |
|---|---|
| 1 | 2 |
| Қару-жарақ және әскери техника, оларды шығару үшін арнаулы жинақтаушы бұйымдар, әскери-техникалық ынтымақтастық саласындағы жұмыстар мен көрсетілетін қызмет | 871000000, 8802 (880211100, 880212100, 880220100, 880230100, 880240100 басқа), 8803 (880310100, 880320100,880330100, 880390910 басқа), 880400000 (тек қана әскери мақсаттағы), 8805 (880520100 басқа), 890600100, 930100000, 930200, 9305 (тек қана соғыс қаруына), 930610000, 930629100, 930629200, 930629400, 930630910, 930630930, 901310000 (тек қана әскери мақсаттағы), 901320000 (тек қана әскери мақсаттағы), 901380000 (тек қана әскери мақсаттағы), 9014 (тек қана әскери мақсаттағы), 8525 (тек қана әскери мақсаттағы), 8526 (тек қана әскери мақсаттағы) |
| Ядролық материалдар,технологиялар, жабдықтар мен құрылғылар, арнаулы ядролық емес материалдар,радиоактивті қалдықтарды қоса алғанда радиоактивті сәулелендіру көздері | 2612, 2844, 2845, 380110000 /тек қана ядролық-таза графит), 8401 |

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 20 шілдедегі
N 1002 қаулысына
5-қосымша

Тараптардың халықаралық міндеттемелеріне сәйкес

экспортқа шығарылатын тауарлардың
Тізбесі

| Тауардың атауы | СЭҚ ТН коды | Негіздеме |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| 1. Қазақстан Республикасы | | |
| Жіптер мен иірілген жіп | 5204 11 000; 5204 19 000; 5205; 5206;5604 90 000 | Европалық Экономикалық Қауымдастық пен Қазақстан Республикасы арасындағы тоқыма бұйымдары сауда.-саттығы жөніндегі Келісім (15.10.93 ж. Брюссельде бекітілген) |
| Маталар | 5208,5209,5210,5211, 5512,5513,5514, 5515,580390300,5811 590500700,6308 | |
| Ерлердің, әйелдердің, балалардың сыртқы киімдері | 610110-610130900 610210-610230900 610510-610520 | |

610590100
610610-610620
610690100
6110 (611090 басқа)
6203 (41300,42110,
42510,42590,43110,
43310,43390,49110,
49310,49390,49900
басқа), 620461100,
62310-350,63190,69190,
620510-30,620620-40,
621132900
33900
42900
43900

Ерлердің, әйелдердің, балалардың іш киімдері 6109(610990900 басқа)

2. Ресей Федерациясы

Кремний карбиді 2849 20 000 Европалық Одақ Комиссиясының 12.04.94 N 821/94 регламенті

Аммоний нитраты 3102 30 900 3102 40 900 Европалық Одақ Комиссиясының 12.04.94 N 93/293/ЕО шешімі

Жіп және иірілген жіп 5204(5204 20 000 басқа); 5205; 5206;5306;5308 (5308 10 000,5308 20, 5308 30 000,5308 90 басқа) 5508(5508 20 басқа); 5509;5510 ЕО және Ресей Федерациясы арасындағы тоқыма өнімдерімен сауда-саттық туралы Келісім (12.06.93 бекітілген)

Маталар 5111;5112;5208-5212;
5309;5311 00 (5311 00 900
басқа);5408;5512
(5512 11 000,5512 21 000,
5512 91 000 басқа);

5513 (5513 11,5513 12 000,
5513 13 000, 5513 19 000
басқа); 5514
(5514 11 000,5514 12 000,
5514 13 000,5514 19 000
басқа); 5515
(5515 11 100, 5515 12 100,
5515 13 110, 5515 13 910,
5515 19 100, 5515 21 100,
5515 22 110, 5515 22 910,
5515 29 110, 5515 91 100,
5515 92 110, 5515 92 910,
5515 99 100 басқа);
5516 (5607 10 000,
5516 93 000, 5516 94 000
басқа); 5607 (5607 10 000,
5607 30 000, 5607 90 000
басқа); 5802 11 000;
5802 19 000; 5803
(5803 10 000 5803 90 100
басқа); 5807 90 900

| | |
|---|---|
| Ерлердің, әйелдер.- дің, балалардың, сырт киімдері | 6101 (6101 10 000, 6101 20 100, 6101 30 100, 6101 90 басқа); 6102 (6102 10 100, 6102 20 100, 6102 30 100, 6102 90 басқа); 6103 (6103 11 000, 6103 12 000, 6103 19 000, 6103 21 000, 6103 22 000, 6103 23 000, 6103 29 000, 6103 41, 6103 42, 6103 43, 6103 49 басқа); 6104 (6104 49 000, 6104 61, 6104 62, 6104 63, 6104 69 басқа); 6105 (6105 90 900 басқа); 6106 (6106 90 300, 6106 90 500, 6103 90 900 басқа); 6110 (6110 90 басқа); |

6112 (6112 31, 6112 39,
6112 41, 6112 49 басқа);
6113 00 (6113 00 100 басқа);
6114 (6114 90 000 басқа);
6115 (6115 11 000, 6115 20 190,
6115 93 910 басқа); 6117;
6201 91 000; 6201 92 000;
6201 93 000; 6202 (6202 19 000,
6202 99 000 басқа);6203
(6203 29 900, 6203 23 100,
6203 23 900, 6203 29,
6203 31 000, 6203 32,
6203 33, 6203 39,
6203 41 300, 6203 42 110,
6203 42 510, 6203 42 590,
6203 43 110, 6203 43 310,
6203 49 310, 6203 49 390,
6203 49 900 басқа) ;6204
(6204 19 900, 9204 22 100,
6204 23 100, 6204 29 110,
6204 29 900, 6204 32 100,
6204 33 100, 6204 39 110,
6204 39 900, 6204 41 000,
6204 42 111, 6204 43 000,
6204 44 000, 6204 49,
6204 51 000, 6204 52 000,
6204 53 000, 6204 59,
6204 61 800, 6204 61 800,
6204 62 110, 6204 62 350,
6204 62 510, 6204 62 590,
6204 62 900, 6204 63 110,
6204 63 310, 6204 63 390,
6204 63 900, 6204 69 110,
6204 69 310, 6204 69 390,
6204 69 500, 6204 69 900
басқа); 6206 (6206 10 000,
6206 90 басқа); 6210 30 000;
6211 (6211 11 000,

| | | |
|---|---|---|
| | 6211 12 000, 6211 20 000, 6211 31 000, 6211 33 100, 6211 33 900, 6211 41 000, 6211 42 100, 6211 42 900, 6211 43 100, 6211 43 900, 6211 49 000 басқа) | |
| Ерлердің, әйелдердің, балалардың іш киімдері | 6107 (6107 11 000, 6107 12 000, 6107 19 000 басқа);6108 (6108 11, 6108 19, 6108 21 000, 6108 22 000, 6108 29 000, 6108 99 900 басқа); 6109 (6109 90 басқа) | |
| Көрпе, жамылғы, төсек-орын тыстары ас үй жайма-сулық.-тары | 6301 (6301 10 000, 6301 20 910, 6301 20 990, 6301 30 900, 6301 40 900, 6301 90 900 басқа); 6302 (6302 22 100, 6302 29 100, 6203 32 100, 6302 39 100, 6302 39 300, 6302 52 000, 6302 53 100, 6302 91 100, 6302 92 000, 6302 93 100 басқа); 6303 11 000; 6303 12 000; 6303 19 000; 6304 11 000; 6304 91 000. | |
| Басқа дайын тоқыма бұйымдар | 6305 (6305 10 басқа); 6307 10 100; 6307 90 100 | |
| Өңделмеген алюминий | 7610 | Ресей Федерациясы Үкіметінің Мәлімдемесі (Ресей Федерациясы Үкіметінің 24.02.94 N 143 қаулысымен бекітілген) |

3. Беларусь Республикасы

| | | |
|---|---|---|
| Тыңайтқыштар | 3101-3105 | ЕО Комиссиясының 1992 жылғы 23 сәуірдегі N 1031/92 |

| | | |
|---|---|---|
| | | регламенті |
| Жүн жіптен тоқылған маталар | 5111; 5112 | ЕО пен Беларусь Республикасы арасындағы тоқыма тауарларымен сауда-саттық туралы Келісім (1994 ж.1 сәуірде бекітілген) |
| Мақта-мата жіптері | 520411000; 520419000 | |
| Мақта-матадан иірілген жіп | 5205; 5206 | |
| Мақта-мата маталар | 5208-5212 | |
| Зығыр жібі мен маталары | 5306; 5309 | |
| Жасанды жіптерден тоқылған маталар | 540720110; 5408 | |
| Химиялық талшықтардан жасалған жіптер | 5508 (550810900, 550820900 басқа) | |
| Синтетикалық және жасанды талшықтардан иірілген жіптер | 5509; 5510 | |
| Синтетикалық және жасанды талшықтардан тоқылған маталар | 5512-5516 | |
| Арқан және жіп бұйымдары | 560741000-560750900 | |
| Сүлгілік түкті маталар | 580211000; 580219000 | |

Орау-түптеу маталары  580390 (580390100
басқа)
Трикотаж киім  610110-610130; 610210-
610230;610231000-
610339000;610411000-
610459000 (610449000
басқа); 6105 (610590900
басқа);
6106 (610690300-610690900
басқа); 6107; 610821000-
610899100; 6109
(610990900 басқа);
6110 (611090 басқа);
611211000-611220000;
6113; 6114 (611490000)
Шұлық-ұйық бұйымдар  6115 (611511000)

Киімдердің трикотаж
керек жарақтары  6117

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 20 шілдедегі
N 1002 қаулысына
6 қосымша

Ескерту. 6-шы қосымша жаңа редакцияда - ҚРМК-нің 1995.12.30.
N 1896 қаулысымен.

Экспортталуы лицензиялар бойынша жүзеге асырылатын
тауарлардың тізбесі

-----------------------------------------------------------------------

Тауарлардың атауы  !  СЭҚ ТН коды  ! Лицензия беру туралы
!  ! шешім келісілетін

```
                 !                      ! Қазақстан Республикасының
                 !                      ! министрліктері мен
                 !                      ! ведомстволары
----------------------------------------------------------------------
Дәрілік заттар,     2936, 2939, 2942,        Денсаулықмиі
медициналық техника 3003-3005,
                 9018-9020, (90200900
                 басқа)
Мал дәрігерлігі мақ.2967-2939, 2941, 3001-3004, Ауылшармині
сатына арналған     3005, 3006, 9018-9022
дәрілік заттар және
мал дәрігерлігі
техникасы

Пілдің сүйегі, мүйіз, 040700900, 0507,        Ауылшармині
тұяқ, маржан және     050800000, 0604,
сол сияқты            071230000, 080221000,
материалдар           080222000, 0810, 0812,
                   121220000, 1301, 1302
                   /130219300 басқа/, 9601

Өсімдік және жануар   020610100, 020622100,   Ауылшармині,
тектес дәрілік        0020629100, 020630100,  Экобиоресурсмині
шикізат               020641100, 020680100,
                   020690100 /тек қана
                   жабайы хайуанаттардан/,
                   0507 /тек қана дәрілік
                   шикізат/, 051000000,
                   1211, 121220000, 1302
                   /130219300 басқа/,
                   3001, 3002 /дайын
                   дәріліктен басқа/

Есірткі және психо.   Қазақстан Республикасының Денсаулықмині
тропты заттар, улар   Үкіметі белгілеген тізбе
                   бойынша

Қазақстан Республикасы Экспорт Қазақстан Республикасы Министрлер
аумақтарында және      Кабинетінің 1992 жылғы 8 желтоқсандағы
```

континентальді шельф   N 1034 қаулысымен бекітілген "Қазақстан
пен экономикалық       Республикасының жер  қойнауы жөніндегі
аймақтар шегінде       ақпараттарды (беру, айырбастау, сату)
орналасқан аудандар    тарату тәртібі туралы Ережеге сәйкес,
мен жылу-энергетикалық қазбаларды пайдалануға Қазақстан Респуб.
және минералды шикізат ликасының Үкіметі берген лицензияны және
кен орындары бойынша   қазбаларда пайдаланушылармен жасасқан
қазбалар туралы        контрактілер негізінде (экспорттық
ақпарат, Минералогия.  лицензияларды өнеркәсіпсаудаминінде
дан және палеонтоло.   ресімдемей) жүзеге асырылады
гиядан коллекциялық
материалдар
(970500000 - тек
қана минерология
мен палеонтология
бойынша)

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 20 шілдедегі
N 1002 қаулысына
7 қосымша

Лицензиялар бойынша импортталатын тауарлардың
Тізбесі

| Тауарлардың атауы | СЭҚ ТН коды | Лицензия беру туралы шешім келісілетін Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволары |
| --- | --- | --- |

| | | |
|---|---|---|
| Өсімдіктерді қорғаудың химиялық заттары. | 3808 (өсімдіктері қорғауға арналған препараттар ғана) | Ауылшармині Экобиоресурсмині |
| Дәрі-дәрмектік заттар, медициналық және малдәрігерлік техника | 2936-2939, 2941, 3001-3004, 3006, 9013, 9018-9020 | Денсаулықмині |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК